

Демпингке қарсы шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 421 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 8 маусымдағы № 316-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 08.06.2015 № 316-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қалыпты бағасынан", "қалыпты баға", "қалыпты бағасын", "қалыпты бағаны", "Қалыпты баға", "қалыпты бағасы", "қалыпты бағасының", "қалыпты бағасына" деген сөздер тиісінше "қалыпты құнынан", "қалыпты құн", "қалыпты құнын", "қалыпты құнды", "Қалыпты құн", "қалыпты құны", "қалыпты құнының", "қалыпты құнына" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

Осы Заң демпингке қарсы іс қарауды жүзеге асыру, отандық өндірушілерді демпингтік тауар импорты туғызатын теріс пиғылды бәсекеден қорғау мақсатында демпингке қарсы шараларды енгізу және қайта қарау кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) демпингке қарсы баж - демпингтік тауар импортына салынатын кеден бажының ставкасынан тыс белгіленетін баж;

2) демпингке қарсы істі қарау - егер бұлайша сату ұқсас тауарды отандық өндірушілерге материалдық залал келтірсе немесе оны келтіру қаупін төндірсе, өзінің қалыпты құнынан төмен баға бойынша сатылатын тауар беру жөніндегі құжаттарды қарау рәсімі;

3) демпингке қарсы шаралар - демпингтік тауар импортына ұқсас тауарларды отандық өндірушілерге материалдық залал келтіруді немесе оны келтіру қаупін жою үшін демпингке қарсы уақытша шаралар, демпингке қарсы баж немесе баға міндеттемелері нысанында қолданылатын әкімшілік-экономикалық ықпал ету құралдарының жиынтығы;

4) демпингке қарсы уақытша шаралар - демпингке қарсы істі жүргізу процесінде Қазақстан Республикасы банкінің кепілдік берілген ақша депозиттері және (немесе) кепілдігі түрінде демпингтік тауар импортына қолданылатын демпингке қарсы алдын ала шаралар;

5) өзара тәуелді тараптар - жорамалдап алғанда демпинг нысанасы болып табылатын тауарды берушілерге байланысты немесе өздері берушілер болып табылатын өндірушілер немесе сатып алушылар (мәмілеге қатысушылар). Араларындағы қатынастар өз қызметінің немесе өздері өкілдері болып табылатын тұлғалар қызметінің жағдайларына немесе экономикалық нәтижелеріне тікелей ықпал етуі мүмкін жеке адамдар және (немесе) заңды тұлғалар өзара тәуелді деп танылады, атап айтқанда:

бір адам басқа адамның мүлкіне қатысады және мұндай қатысу үлесі 33 проценттен астам болады;

адамдар Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңдарына сәйкес некелік қатынастарда немесе туыстық немесе жекжаттық, асырап алушы және асырап алынушы, сондай-ақ қамқоршы және қорғаншылық қатынастарда болады;

б) демпинг - Қазақстан Республикасының аумағына өзінің қалыпты құнынан төмен бағамен сатылатын тауар жеткізу;

7) мүдделі тұлғалар – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер п а л а т а с ы ;

істі қарау объектісі болып табылатын ұқсас тауарды отандық өндіруші не қатысушыларының көпшілігі осындай тауар өндіретін отандық өндірушілер б і р л е с т і г і ;

істі қарау объектісі болып табылатын тауарды шетелдік экспорттаушы мен тауарды ш е т е л д і к ө н д і р у ш і ;

тауарды отандық импорттаушы немесе қатысушыларының көпшілігі сондай тауарды импорттаушылар болып табылатын отандық импорттаушылар бірлестігі ;

шет мемлекеттің үкіметі, тауарды шығарған немесе осындай тауарды экспорттаған елдің уәкілетті органы не осындай тауарды шығарған немесе оны экспорттаған елдер кіретін шет мемлекеттер одағының уәкілетті органы;

тауарды тұтынушы немесе тұтынушылар бірлестігі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының у ә к і л е т т і о р г а н ы ;

құқықтары мен мүдделері осы іс қарауда қозғалатын және осы Заңның 6-бабында аталған уәкілетті органның пікірінше осы іс қарауды жүргізуге жәрдемдесе алатын өзге де тұлғалар;

8) құпия ақпарат ашылған жағдайда бәсекелестер үшін едәуір артықшылықтар беретін немесе ақпаратты берген мүдделі тұлғалар үшін едәуір қолайсыз зардаптары болатын ақпарат;

9) материалдық залал - демпингтік баға бойынша тауар беруден отандық өндірушілер шегетін нақты зиян және (немесе) алынбаған кіріс (алынбай қалған пайда);

10) қалыпты құн - дағдылы сауда операциялары процесінде өндіруші және (немесе) экспорттаушы елге демпингке қарсы істі қарау нысанасы болып табылатын тауарға ұқсас тауарды сату кезінде нақты төленген немесе төленуге тиісті баға;

11) дағдылы сауда операциялары - тауарды экспорттаушы елде тұтыну кезінде осыған ұқсас тауарға белгіленетін нарықтық бағамен сатып алу-сату жөніндегі мәмілелер;

12) отандық өндірушілер - өндірістің жинақталған көлемі Қазақстан Республикасы аумағында өндірілетін осындай тауардың негізгі бөлігін құрайтын ұқсас тауарды қазақстандық өндірушілер;

13) ұқсас тауар - жұмыс істеу мақсаты, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамалары жағынан және басқа да негізгі қасиеттері жағынан басқа тауармен толық бірдейленген немесе салыстыруға болатын тауар;

14) өнім беруші - демпингтік тауарды шетелдік өндіруші және (немесе) экспорттаушы;

15) аймақтық өндірушілер - аймақтық рыноктағы отандық ұқсас тауар өндірушілердің жиынтығы, олар мынадай шарттарға сай келеді:

өндірушілер өзінің барлық тауарын немесе оның негізгі бөлігін сол рынок ішінде сатады; бөлігін

өндірушілер ұқсас тауарды бұл аймаққа беретін бірден-бір өндірушілер болып табылады;

16) аймақтық рынок - Қазақстанның жекелеген әкімшілік-аумақтық бөлінісінің рыногы;

17) материалдық залал қаупі - залал келтіру мүмкіндігі туралы субъективті пікірлерді болдырмау мақсатымен нақты дәлелдемелер арқылы расталған материалдық залалдың анық болмай қоймайтындығы;

18) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының сауда және өндірістік қызмет мониторингін жүзеге асыратын, демпингтің және материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуын және демпингке қарсы шаралар енгізу қажеттігін анықтау бойынша демпингке қарсы іс қарауды жүргізетін мемлекеттік органы;

19) экспорттық баға - өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан тауар үшін іс-жүзінде төленген немесе төленуге тиісті баға.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.09 N 114; 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Осы Заңның мақсаттары

Осы Заңның мақсаттары отандық өндірушілерді демпингтік тауар импорты туғызған теріс пиғылды бәсекеден қорғау және демпингке қарсы шараларды енгізу жолымен отандық өндірушілер үшін келеңсіз зардаптарды жою болып табылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заң уәкілетті орган мен мүдделі тұлғалар арасында, сондай-ақ мүдделі тұлғалардың өздері арасында отандық өндірушілерге оның аумағына тауарды қалыпты құнынан төмен бағамен сату үшін әкелу арқылы материалдық залал келтіруге немесе материалдық залал келтіру қаупіне және демпингке қарсы шараларды енгізуге байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.

4-бап. Қазақстан Республикасының демпингке қарсы шаралар туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының тауар импорты жағдайындағы демпингке қарсы шаралар туралы заңдары осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімде немесе шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық келісімнің немесе шарттың ережелері қолданылады.

5-бап. Демпингке қарсы реттеуді ұйымдастыру

1. Демпингтік тауар берушілердің сауда практикасын демпингке қарсы реттеуге жалпы басшылықты уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Демпингке қарсы шараларды енгізу, қайта қарау және олардың күшін жою уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

6-бап. Уәкілетті орган

1. Уәкілетті орган өзіне осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде берілетін өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл ж а с а й д ы .

2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде демпингке қарсы істі қарау рәсімдері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады, тауар демпингінің фактісі бойынша іс қарауды жүргізеді, демпингке қарсы шаралар қолдану үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге арналған материалдарды

д а й ы н д а й д ы .

3. Уәкілетті орган өз қызметін жүзеге асырған кезде басқа елдердің ресми органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. Демпингке қарсы істі қарау

7-бап. Демпингке қарсы істі қараудың нысанасы

Демпингке қарсы істі қараудың нысанасы ұқсас тауарларды отандық өндірушілерге материалдық залал келтіретін немесе оны келтіру қаупін төндіретін не сол тауарлар өндірісін тежейтін импорттық тауарларды олардың қалыпты құнынан төмен бағамен беру болып табылады.

8-бап. Демпингтің болуы және материалдық залал келтіру немесе оны келтіру қаупі фактісін

тексеру туралы арыз

1. Демпингтің болуы және материалдық залал келтіру немесе оны келтіру қаупі фактісін тексеру туралы арызды отандық өндірушілер немесе олардың бірлестіктері уәкілетті органға жазбаша нысанда береді.

2. Арызда мынадай деректер болуға тиіс:

1) арыз берушінің, арыз берушілердің (бұдан әрі - арыз беруші) реквизиттері, арыз берушінің тауар өндіру туралы деректері (көлемі мен құны), сондай-ақ арыз берушіге белгілі отандық өндірушілердің ұқсас тауар өндіруі туралы деректер;

2) тауардың сипаттамасы, экспорттаушы немесе шығарушы елдің атауы, осы тауарды белгілі шетелдік экспорттаушылардың немесе өндірушілердің, импорттаушылардың тізбесі;

3) сол тауардың шығарылған немесе экспорттаған елдердегі рыноктарда сатылатын бағасы, экспорттық баға, сондай-ақ ұқсас тауардың ішкі рыноктағы бағасы туралы ақпарат;

4) демпингтік тауар беру көлемінің үдемелілігі оның ұқсас тауардың ішкі рыноктағы бағасына ықпалы және сондай тауар берудің салдары.

2-1. Демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуы туралы шешім қабылдау және дәлелдемелердің жеткіліктілігін айқындау мақсатында уәкілетті орган арызда көрсетілген мәліметтердің анықтығы мен дәлдігін зерделейді.

3. Егер уәкілетті орган мәліметтер 8-баптың 2-тармағында көзделгенге сай жеткілікті деп танып, ол туралы арыз берушіге жазбаша нысанда хабарласа, арыз қабылданған болып есептеледі. Егер уәкілетті орган мәліметтерді жеткіліксіз деп есептесе, ол арыз алынған күннен бастап он күн мерзімде бұл жөнінде арыз берушіге хабарлап, оның өз арызын өзгертуіне немесе толықтыруына мүмкіндік

Егер арыз беруші өз арызын өзгертсе немесе толықтырса, арыздың қаралу мерзімі толықтырулар немесе өзгерістер алынған күннен басталады.

4. Отандық өндірушілердің арызы бойынша демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуы үшін уәкілетті органның бұл арыз бойынша өз пікірін білдіргендердің үлесіне отандық өндірушілердің тауар өндіру көлемінің елу проценттен астамы келетінін анықтауы міндетті талап болып табылады. Бұл пікірлер "жақтайтын", "қарсы" болуы, сондай-ақ өзінің айқын көзқарасын білдірмеуі мүмкін. Бұл орайда арызды қолдайтын отандық өндірушілер өндірген тауардың үлесіне қазақстандық өндірушілер өндірген барлық ұқсас тауарлардың жиырма бес проценттен астамы келеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

9-бап. Уәкілетті органның бастамасы бойынша демпингке қарсы істі қараудың басталуы

Егер уәкілетті органның демпингтік тауар беру арқылы демпингтің және материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуы туралы мәліметтері болған жағдайда, ол өз бастамасы бойынша демпингке қарсы істі қараудың басталуы туралы шешім қабылдауға құқылы.

10-бап. Демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуынан бас тарту үшін негіздеме

Егер:

- 1) демпингтік айырма экспорттық бағаның екі процентінен кем екені;
- 2) атына арыз берілген бірнеше елдің жиынтық өнім беруі Қазақстанға ұқсас тауар беруінің жеті процентінен асатын жағдайларды қоспағанда, демпингтік тауар берудің көлемі және олардан келгелі материалдық залал болмашы екенін, яғни атына арыз берілген елден тауар беру Қазақстанға барлық ұқсас тауар берудің үш процентінен кемін құрайтыны анықталса;
- 3) 8-баптың 4-тармағында көзделген талаптар орындалмаса, уәкілетті орган қабылданған арыз бойынша демпингке қарсы істі қарау рәсімін бастаудан бас т а р т а д ы .

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

11-бап. Арызды қайтарып алу

1. Арыз беруші арызды демпингке қарсы істі қарау басталғанға дейін немесе оның барысында кері қайтып алуы мүмкін. Арыз демпингке қарсы істі қарау басталғанға дейін қайтарылып алынған жағдайда ол берілмеген болып есептеледі

2. Егер арыз демпингке қарсы істі қарау барысында қайтарылып алынса, уәкілетті органның өз бастамасы бойынша демпингке қарсы істі қарауды жалғастыруға не оны демпингке қарсы шара қолданбай тоқтатуға құқығы бар.

12-бап. Демпингке қарсы істі қарау рәсімін бастау туралы не одан бас тарту туралы шешім

1. Демпингке қарсы істі қараудың басталуы туралы не одан бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган арыз қабылданған кезден бастап 30 күн ішінде, осы Заңның 8-10-баптарының талаптары сақталған жағдайда берілген барлық деректерді зерделеу негізінде қабылдайды.

1-1. Демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуы туралы шешім қабылдағанға дейін уәкілетті орган, мүдделі мемлекет үкіметінің хабарламасын қоспағанда, келіп түскен арыз туралы ақпаратты жария етпейді.

2. Демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуы туралы шешім қабылданғаннан кейін уәкілетті орган "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ресми басылымдарда хабарлама жариялайды және хабарламаны мүдделі тұлғаларға жібереді.

3. Демпингке қарсы істі қарау рәсімінің басталуы туралы хабарламада мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) демпингке қарсы істі қарауды өткізетін уәкілетті органның атауы;
- 2) экспорттаушы елдің немесе елдердің атауы және жеткізіп берілуі демпингке қарсы істі қараудың мәселесі болып табылатын тауардың атауы;
- 3) демпингке қарсы істі қараудың басталатын күні;
- 4) істі қараудың басталуы үшін негіздеме;
- 5) арыздың заңдылығын растайтын фактілердің қысқаша мазмұны;
- 6) іспен танысуға, өз пікірін айтуға және мүдделі тұлғалардың кездесулерін өткізуге мүмкіндік алу үшін мүдделі тұлғалар уәкілетті органға өз өтініштерін беруге тиісті болатын шектегі мерзімдер.

3-1. Егер уәкілетті орган жекелеген мүдделі тұлғаға демпингке қарсы істің басталғаны туралы хабарлама жіберсе, онда ол бұл хабарламаның өзге де мүдделі тұлғаларға қол жетімді болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Демпингке қарсы істің қаралуын өткізуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган шешімі қабылданған күннен бастап он күн мерзімде бұл жөнінде арыз берушіге хабарлап, бас тартудың себептері мен негіздемесін көрсетуге тиіс.

5. Уәкілетті орган алған дәлелдемелер, құпия болып табылатын ақпараттардан басқасы, демпингке қарсы істі қарауға қатысатын барлық мүдделі тұлғаларға табыс етіледі.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

3-тарау. Демпингтің болуын белгілеу тәртібі

13-бап. Тауардың қалыпты құнын анықтау

1. Тауардың қалыпты құнын уәкілетті орган экспорттайтын және (немесе) өндіретін елде тұтынуға арналған ұқсас тауарға дағдылы сауда операциялары процесінде белгіленетін баға негізінде анықтайды.

2. Өзара тәуелді тараптар арасындағы сату дағдылы сауда операциялары шеңберінде өндірілген деп қаралмайды және тәуелділік фактісі тауар құнына ықпал жасамағанына дәлелдемелер табыс етілген жағдайларды қоспағанда, қалыпты құнды анықтау кезінде назарға алынбайды.

3. Қазақстанға тауар шығарылған елінен емес, басқа елден берілген кезде уәкілетті орган осы экспорттаушы елге (бұдан әрі - экспорт елі) төленген немесе төленуге тиісті баға негізінде қалыпты құнды анықтайды.

Қалыпты баға шығарылған елдегі баға бойынша мына жағдайларда:

- 1) тауарлар экспорт елі арқылы тек жөнелтілетін (тасылатын);
- 2) ұқсас тауарлар экспорт елінде өндірілмейтін;
- 3) оларға экспорт елінде салыстыру бағасы болмайтын жағдайларда белгіленеді.

4. Тауардың қалыпты құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда ұқсас тауар сатылуының болмау себебі бойынша немесе мұндай сату ерекше рыноктық жағдайдың немесе экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногындағы сату көлемінің шағын болуы салдарынан тиісінше салыстыру жүргізуге мүмкіндік бермейтін кезде экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногындағы бағаны негізге ала отырып уәкілетті орган:

- 1) үшінші елге экспортталатын ұқсас тауардың сол тауарды сату жеткілікті мөлшерде жүзеге асырылатын жағдайдағы салыстырылатын бағасын;
- 2) әкімшілік, сауда және жалпы шығын (шығындар), сондай-ақ осы Заңның 14-бабына сәйкес белгіленетін пайда қосылған өндіріс шығындарын қамтитын есеп айырысу бағасын тауардың қалыпты құны ретінде пайдаланады.

5. Ұқсас тауардың сатылуын уәкілетті орган олардың экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногында тұтынуға арналған көлемі сол тауарды Қазақстанға сату көлемінің кемінде бес проценті болған жағдайда қалыпты құнды анықтау үшін жеткілікті мөлшерде жүзеге асырылады деп қарастыруы мүмкін. Уәкілетті орган сату көлемінің едәуір екеніне дәлелдемелер болған жағдайда тиісінше салыстыру үшін сатудың неғұрлым төмен проценттік көрсеткішін қолдануы мүмкін.

14-бап. Өндіріс шығындары мен пайданы есептеу

1. Уәкілетті орган демпингке қарсы істі қарау жүргізіліп жатқан тауар берушінің бухгалтерлік құжаттары негізінде шығындарын есептеп шығарады, бұл жағдайда мұндай құжаттар экспорттаушы және (немесе) өндіруші елде жалпы қабылданған есепке алу принциптері мен стандарттарына сәйкес келуі және сол тауарды өндіру мен сатуға байланысты шығындарды көрсетуі керек.

2. Уәкілетті орган демпингке қарсы істі қарау барысында тауар беруші әкелген дәлелдемелерді қоса алғанда, шығындарды дұрыс бөлудің қолда бар барлық дәлелдемелерін қарайды, бұл жағдайда бұлайша бөлуді тауар беруші әдетте, атап айтқанда, амортизацияның және шығындардың басқа баптарының тиісті мерзімдері мен нормаларын анықтау үшін пайдаланады.

3. Әкімшілік, сауда және жалпы шығындарының, сондай-ақ пайданың мөлшері дағдылы сауда операциялары процесінде ұқсас тауардың өндірілуі мен сатылуы туралы демпингке қарсы істі қарау жүргізіліп жатқан тауар беруші табыс ететін нақты деректерге негізделеді. Егер мұндай сомаларды осы негізде анықтау мүмкін болмаса, олар:

1) сол өнім берушінің нақ сол санаттағы тауарды шығарылған елдің ішкі рыногында өндіруге және сатуға байланысты төленген және алынған нақты сомаларды;

2) демпингке қарсы істі қарау жүргізіліп жатқан басқа тауар берушінің ұқсас тауарды өндіруге және шығарылған елдің ішкі рыногында сатуға байланысты төленген және алынған, орташа орнықтырылған нақты сомаларын;

3) осындай әдіспен белгіленген пайда сомасы нақ сондай санаттағы тауарды шығарылған елдің ішкі рыногында сату кезінде басқа өнім берушілер алатын пайдадан аспайтын жағдайда кез келген басқа да негізделген әдістерді негізге ала отырып айқындалады.

15-бап. Шығындар деңгейінен төмен бағамен сату

1. Уәкілетті орган демпингке қарсы істі қарау өткізіліп жатқан тауардың экспорттаушы және (немесе) өндіруші елдің ішкі рыногында сатылуын немесе үшінші елге дағдылы сауда операциялары процесінде жүзеге асырылатын сату ретінде бір өнімге жұмсалатын шығындар деңгейінен төмен бағамен сатылуын бағаның төмендетілуі себебі бойынша қарамайды және сату:

1) ұзақ уақыт кезеңі ішінде (бір жылға дейінгі мерзімде, бірақ алты айдан кем емес);

2) едәуір мөлшерде;

3) ақылға сыйымды қажетті уақыт кезеңі шегінде барлық шығындардың жабылуын қамтамасыз етпейтін бағамен жүзеге асырылған жағдайда қалыпты құнды анықтау кезінде бұл сатуды ескермейді.

2. Егер баға сату кезінде шығындардан төмен болса, ал істі қарау кезеңінде орта есеппен салмақталған шығындардан жоғары болса, уәкілетті орган мұндай

бағаны ақылға сыйымды қажетті уақыт кезеңі шегінде барлық шығындардың жабылуын қамтамасыз ететін баға деп қарастырады.

3. Егер уәкілетті орган қалыпты құнды анықтау үшін есепке алынатын мәмілелерде ортаға орнықтырылған сату бағасы бір өнімге орташа орнықтырылған шығындардан төмен екенін немесе бір өнімге жұмсалған оған шығындардан төмен бағамен сату көлемі қалыпта бағаны анықтау үшін есепке алынатын мәмілелер бойынша сату көлемінің жиырма процентінен кем еместігін анықтаса, бір өнімге жұмсалған шығындардан төмен бағамен сату едәуір мөлшерде жүзеге асырылған деп есептеледі.

16-бап. Экспорттық бағаны есептеу

1. Экспорттық баға болмаған жағдайда не экспорттаушы мен импорттаушы немесе үшінші тарап арасында байланыс немесе өтем туралы уағдаластық болуы себепті экспорттық баға сенімсіз болған кезде экспорттық баға берілетін тауар оны берушіге немесе сатушыға тәуелсіз сатып алушыға алғаш рет қайта сатылатын баға негізінде есептеп шығарылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мән-жайларда уәкілетті орган экспорттық бағаны есептеу кезінде өзара тәуелді тараптар арасындағы барлық мәмілелерді ескермеуге құқылы.

17-бап. Демпингтік айырманы анықтау

1. Уәкілетті орган демпингтік айырманы анықтау үшін тауардың экспорттық бағасы мен қалыпты құнының арасында салыстыру жасайды.

2. Демпингтік айырманың болуы орта есеппен есептелген қалыпты құнды барлық салыстырылатын экспорттық мәмілелердің орта есеппен есептелген бағасымен салыстыру негізінде анықталады. Салыстыру сауда операциясының нақ бір сатысында, жасап шығаруы зауыттан тиеп-жөнелту сатысында және мүмкіндігінше бір мезгілде жүзеге асырылған сату жөнінде жүргізілуге тиіс. Әрбір ретте өнім беру, салық салу жағдайларындағы, сауда операциясының сатыларындағы, санындағы, физикалық сипаттамасындағы айырмашылықтарды қоса алғанда бағаның салыстырылуына қатысты айырмашылықтар, сондай-ақ мүдделі тұлғалар олардың баға салыстырылуына ықпалының дәлелдемелерін де табыс ететін басқа да кез келген айырмашылықтар ескерілетін қажетті түзетулер жасалуға тиіс.

3. Егер уәкілетті орган экспорттық бағаның әртүрлі сатып алушылар арасында, сондай-ақ аймақтар немесе уақыт кезеңдері бойынша едәуір айырмашылықтары барын тапса, орта есеппен есептелген негізде орта есеппен есептелген негізде белгіленген қалыпты құнды нақты экспорттық мәмілелердің бағасымен салыстыруға болады. Мұндай жағдайларда уәкілетті орган мүдделі

тұлғаларға мұндай айырмашылықтарды орта есеппен есептелген мөлшерлерге не нақты мәмілелер бағасына салыстыру жүргізген кезде неліктен ескеруге болмайтынын түсіндіріп береді.

4. Экспорттық баға берілетін тауар осы Заңның 16-бабына сәйкес Тәуелсіз сатып алушыға алғаш рет қайта сатылатын баға негізінде есептеп шығарылған жағдайда тауарды беру мен қайта сату аралығындағы кезеңде төленген баж бен салықтарды қоса алғанда, шығындарға, сондай-ақ тауарларды беру мен сатудан алынған пайда мөлшеріне түзетулер де енгізу керек. Егер мұндай жағдайларда бағаның салыстырылуы қозғалатын болса, уәкілетті орган сауда операциясының сатысында экспорттық баға бейімделіп есептелген сатыға баламалы қалыпты құн белгілейді не осы бапта рұқсат етілген қажетті түзетулер жасайды.

5. Уәкілетті орган мүдделі тұлғалардан салыстыру үшін қажетті ақпарат талап етуге құқылы. Әрбір нақты жағдайда уәкілетті орган әрбір мүдделі тұлғаның дәлелдемелер беруіне қажетті тәртіпті белгілейді.

18-бап. Демпингті анықтау кезінде валюталарды қайта есептеу

1. Егер экспорттық баға мен қалыпты құнды салыстыру бір валютадан екіншісіне қайта есептеуді талап етсе, онда мұндай қайта есептеуді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген сату күніндегі валюталардың ресми айырбас бағамын пайдалана отырып жүзеге асыруға тиіс. Келісім-шарттың, сатып алу тапсырысының, тапсырысты немесе шотты растаудың күні сату жағдайларын қандай құжаттың айқындауына қарай сату күні деп есептеледі.

2. Егер экспорттау, осы тауарды беру ақысына мерзімді валюта рыноктарында алынатын шетелдік валютаны берушінің сатуымен тікелей байланысты болса, онда уәкілетті орган жоғарыда аталған шетелдік валютаны беруші сатқан кезде тиісті мерзімде пайдаланылған айырбас бағамын ескеруге тиіс.

3. Уәкілетті орган валюта бағамының қысқа уақытқа ауытқуын назарға алмайды. Демпингке қарсы істі қарау кезінде өнім берушілерге зерттеліп отырған кезеңдегі валюта бағамының өзгеру үрдісін ескере отырып, өздерінің экспорттық бағасын түзету үшін кемінде екі ай беріледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

4-тарау. Материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуын белгілеу

19-бап. Материалдың залалды немесе оны келтіру қаупін анықтау

1. Материалдық залалды немесе оны келтіру қаупін анықтау дәлелдемелерге негізделеді және демпингтік тауар беру көлемі мен оның ұқсас тауардың ішкі рыноктағы бағасына ықпалын және осындай тауар берудің сол тауарларды отандық өндірушілер үшін зардаптарын зерделеуді қамтиды.

2. Егер бір елден көп елдің тауар беруі демпингке қарсы бір мезгілде жүргізіліп жатқан істі қарау нысанасы болса, әрбір елден берілетін тауар жөнінде белгіленген демпингтік айырма экспорттық бағаның екі не одан көп процентін құрайтыны, ал әрбір елден берілетін тауар көлемі осы Заңның 10-бабында белгіленгендей болмашы болып табылмайтыны және берілген тауар ықпалының жиынтық бағасы берілетін тауарлар арасындағы да, берілетін тауарлар мен отандық өндірістің ұқсас тауарлары арасындағы бәсеке кезінде де экономикалық жағынан негізделген болуы анықталса ғана уәкілетті орган әлгіндей тауар берудің жиынтық ықпалын бағалай алады.

20-бап. Демпингтік тауар берудің көлемі мен бағасын зерттеу

1. Демпингтік тауар берудің көлемін зерттеу кезінде уәкілетті орган демпингтік тауар берудің абсолюттік көрінісінде не Қазақстанда өндірісте немесе тұтынуға қатынасы жөнінен едәуір көбеюі болғанын анықтайды.

2. Демпингтік тауар берудің бағаға ықпалын зерттеу кезінде уәкілетті орган мұндай тауарды беру жағдайында бағаның ұқсас қазақстандық тауардың бағасымен салыстырғанда төмендеу дәрежесін не демпингтік тауар берудің баға төмендеуіне қандай дәрежеде ықпал ететінін немесе оның қарама-қарсы жағдайда болатпен артуына кедергі жасайтынын айқындайды.

21-бап. Демпингтік тауар берудің отандық өндірушілерге ықпалын бағалау

Демпингтік тауар берудің отандық өндірушілерге ықпалын зерттеу уәкілетті органның сол өндірістің жай-күйіне ықпал ететін барлық экономикалық факторлар мен көрсеткіштерді: оның ішінде сатудың нақты және ықтимал қысқаруын, пайданы, өнім шығаруды, рыноктағы үлесті, өнімділікті, инвестициялардан алынатын кірісті, қуаттардың пайдаланылуын; ішкі рынок бағасына, демпингтік айырма шамасына ықпал ететін факторларды; ақша ағысына нақты және ықтимал ықпал етуді, тауар қорларын, жұмыспен қамтылуды, жалақыны, өсу қарқындарын, инвестициялар тарту мүмкіндігін бағалауын қамтиды.

22-бап. Материалдық залалды немесе оны келтіру қаупінің болуын белгілеу

1. Демпингтік тауар беру салдарынан отандық өндірушілерге материалдық залал келтіру фактісін немесе оны келтіру қаупін уәкілетті орган анықтайды. Демпингтік тауар беру мен отандық тауар өндірушілерге материалдық залал келтірудің немесе оны келтіру қаупінің арасындағы себеп-салдарлы байланысты анықтау үшін уәкілетті орган бұған мүдделі тұлғалар берген нақты деректерді пайдаланады.

2. Уәкілетті орган қаралып отырған кезеңде әрекет еткен және отандық өндірушілерге материалдық залал келтірген басқа да белгілі (демпингтік тауар беруден басқа) факторлардың ықпалын зерделейді. Факторларға демпингтік бағамен сатылмаған берілетін тауардың көлемі мен бағасы, сұранымның азаюы немесе тұтыну құрылымындағы өзгерістер, шектейтін сауда практикасы мен шетелдік және отандық тауар өндірушілер арасындағы бәсеке, технологиялық жетістіктер, сондай-ақ экспорттың нәтижелері мен отандық өндірістердің өнімділігі жатады. Бұл орайда анықталған материалдық залал демпингтік тауар беру нәтижесінде туған деп саналмауға тиіс.

3. Уәкілетті орган демпингке қарсы істі қараудың нысанасы болып табылатын тауарды тұтынушыларға және тұтынушылар ұйымдарының өкілдеріне тауар бөлшек саудада сатылған жағдайларда демпингке, материалдық залалға немесе оның қаупі төнуіне және себеп-салдарлы байланысқа қатысты істің қаралу мақсаты үшін ақпарат алуға мүмкіндік беруге тиіс.

4. Демпингтік тауар беруден отандық өндірушілерге төнген материалдық залал қаупін уәкілетті орган мынадай факторларды:

1) демпингтік тауарды ішкі рынокқа берудің үдемелі, тауар берудің одан әрі ұлғаю ықтималдығын көрсететін өсу қарқындарын;

2) өнім берушіде жеткілікті экспорттық мүмкіндіктер болуына немесе Қазақстанға демпингтік тауар берудің одан әрі едәуір ұлғаю ықтималдығын көрсететін экспорттық мүмкіндіктерінің едәуір ұлғаюы сөзсіз екеніне талдау жасауға сүйеніп негіздеуге тиіс. Бұл орайда басқа экспорттық рыноктардың қосымша тауар берудің жорамалданған көлемін сіңіріп алу мүмкіндігі ескеріледі;

3) ішкі рынок бағасының едәуір төмендеуіне немесе оған қысым жасалуына ықпал ете алатын және қосымша тауар беруге сұранысының артуына әкеп соғатын бағалар бойынша тауар беруді;

4) демпингке қарсы істі қарау өткізіліп жатқан экспорт және (немесе) өндіріс еліндегі тауар қорларын талдай отырып негіздеуге тиіс.

23-бап. Аймақтық өндірушілерге келтірілетін материалдық залал

Демпингтік тауар беру Қазақстанның жекелеген аймақтарының рыногына шоғырланған жағдайда, бұл берілген тауарлар аймақтық өндірушілерге

материалдық залал келтіруге әкеп соққан кезде, уәкілетті орган осы Заңның ережелеріне сәйкес сол аймаққа бейімдеп, демпингке қарсы істің қаралуын өткізуге құқылы.

5-тарау. Демпингке қарсы істің қаралуын өткізу тәртібі

24-бап. Демпингке қарсы істің қаралу мерзімдері

Демпингтің және материалдық залалдың немесе оның қаупінің болу фактілері бойынша демпингке қарсы істі қарау оның рәсімі басталған күннен бастап бір жылдың ішінде аяқталады.

Уәкілетті орган айрықша жағдайларда бұл мерзімді ұзартуы мүмкін, бірақ ол алты айдан аспауы керек.

Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

25-бап. Демпингке қарсы істі қарау жөніндегі ақпарат

1. Демпингке қарсы істі қарау басталғаннан кейін уәкілетті орган үш күн ішінде мүдделі тұлғаларға сауал жібереді.

Мүдделі тұлғаларға сауалға мемлекеттік немесе орыс немесе уағдаластық бойынша өзге бір тілде жауап дайындау үшін сауал алынған күннен бастап бір ай уақыт беріледі. Бұл мерзімді уәкілетті орган ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспауы керек. Сауал оны почтамен жіберілгеннен немесе мүдделі тұлғалардың өкіліне берілгеннен кейін жеті күннен соң алынған болып есептелінеді.

Демпингке қарсы істі қарау барысында уәкілетті орган мүдделі тұлғалардан жауап қайтарылуға тиісті мерзімді белгілеп, қосымша ақпарат сұратып алуы мүмкін.

2. Әрбір мүдделі тұлғаның мемлекеттік немесе орыс не уағдаластық бойынша өзге бір тілде өзі қажет деп санайтын кез келген ақпаратты жазбаша түрде беруге құқығы бар.

3. Уәкілетті органның демпингке қарсы істі қарауды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан кедендік, салықтық, статистикалық ақпарат сұратып алуға құқығы бар.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

26-бап. Демпингке қарсы істі қарау жөніндегі ақпараттың құпиялылығы

1. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органдардың лауазымды адамдарының құпия ақпаратты

жария етуіне, жеке мақсаттарда пайдалануына, үшінші тұлғаларға, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарға беруіне болмайды.

2. Құпия ақпарат беруші тарап бұл ақпаратқа құпия сипатта болмайтын түсіндірме жазба беруге тиіс.

Түсіндірме жазба ақпараттың мәнін түсіну үшін жеткілікті дәрежеде жан-жақты болуға не неғұрлым жан-жақты құпия емес ақпарат берудің мүмкін болмау себептерін түсіндіруге тиіс.

3. Егер уәкілетті орган құпиялық туралы талап негізсіз болып табылады деп анықтаса немесе ақпарат беріп отырған адам оны жариялауға рұқсат бермесе, бұл ақпараттың анық екені дәлелденген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның мұндай ақпаратты назарға алмауы мүмкін.

4. Құпия ақпараттың жария етілуіне жауапты адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

27-бап. Демпингке қарсы істі қарау рәсімдеріне сәйкес берілген ақпаратты тексеру

1. Тиісті экспортшылардың және (немесе) өндірушілердің келісімімен және олардың елдерінің ресми органдары қарсы болмаған жағдайда, уәкілетті орган ақпараттың анықтығын тексеру немесе қосымша деректер алу мақсатымен сол елдердің аумағына мамандар жібере алады.

2. Уәкілетті орган демпингке қарсы істі қарау басталатын күннің дәл алдындағы алты айдан бір жылға дейінгі уақыт кезеңі ішінде демпингтің болуы туралы ақпаратты тексереді, ал материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуы туралы ақпаратты үш жылға дейінгі кезең ішінде тексере алады.

3. Егер қайсыбір мүдделі тұлға қажетті мәліметтерді уәкілетті орган белгілеген мерзімде табыс етпесе немесе демпингке қарсы істің қаралуын басқа бір жолдармен қиындатса, уәкілетті органның қолда бар деректер негізінде қорытынды шығаруға құқығы болады.

28-бап. Істі жүргізу тәртібі

1. Демпингке қарсы істі қараудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Істе демпингке қарсы нақты іс қарауға қатысты қажет етілетін барлық құжаттар болуға тиіс, оларды сақтаудың тәртібі мен мерзімі заң арқылы белгіленген тәртіппен айқындалады.

2. Мүдделі тұлғалар уәкілетті орган жүргізетін демпингке қарсы істің қаралуы жөніндегі құпия емес ақпаратпен танысуға құқылы.

29-бап. Мүдделі тұлғалардың кездесулері

1. Демпингке қарсы істі қарау кезінде барлық мүдделі тұлғалар өз мүдделерін қорғауға құқылы. Осы мақсатта уәкілетті орган мүдделі тұлғалардың өтінімі бойынша істі қарау материалдарын талқылау, қосымша ақпарат беру үшін мүдделері қарама-қайшы тараптардың кездесуіне мүмкіндік беруге тиіс.

1) онда тауарды берушілердің немесе тауар әкелінетін елдердің атауы; тауардың (кедендік мақсаттар үшін жеткілікті) сипаттамасы; демпингке қарсы уақытша баждың ставкасы және оның қолданылу мерзімдері болуға тиіс;

2) ол ресми басылымдарда жариялануға тиіс. Жарияланымда уақытша шараларды қолданудың негізгі дәлелдері; демпингтің белгіленген мөлшері және есеп айырысудың қолданылып жүрген әдістемесі; материалдық залалды бағалаудың өлшемі қамтылуға тиіс. Жарияланымда құпия ақпарат болмауға тиіс.

3. Демпингке қарсы уақытша шаралар демпингтік тауар импортына істің қаралуы басталған кезден кем дегенде алпыс күннен кейін қолданылуы мүмкін.

Егер демпингке қарсы уақытша баждың шамасы алдын ала есептелген демпинг айырмасының мөлшеріне тең болса, демпингке қарсы уақытша баждың қолданылу мерзімі, осы мерзім істі қарау объектісі болып табылатын демпингтік тауардың берілетін көлеміндегі үлесі елеулі бөлікті құрайтын экспорттаушылардың өтініші негізінде уәкілетті органның шешімі бойынша алты айға дейін ұзартылатын жағдайды қоспағанда, төрт айдан аспауға тиіс.

Егер, демпингке қарсы уақытша баждың ставкасы алдын ала есептелген демпинг айырмасынан аз болса, демпингке қарсы уақытша баждың қолданылу мерзімі, осы мерзім істі қарау объектісі болып табылатын демпингтік тауардың берілетін көлеміндегі үлесі елеулі бөлікті құрайтын экспорттаушылардың өтініші негізінде уәкілетті органның шешімі бойынша тоғыз айға дейін ұзартылатын жағдайды қоспағанда, алты айдан аспауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары демпингке қарсы уақытша шараларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің оларды тиесілі ақша сомаларын депозитке енгізу арқылы демпингке қарсы уақытша баж нысанында және (немесе) Қазақстан Республикасы банкінің кепілдігі түрінде қолдану туралы шешімі күшіне енгізілгеннен кейін оның аумағына еркін айналысқа шығарылған немесе шығарылатын демпингтік тауар импортына қолданады. Бұл ретте демпингке қарсы уақытша шараларды қолдану нысанын өнім берушінің өзі таңдап алады. Демпингке қарсы уақытша баждар Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын тәртіппен алынады.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.09 N 114, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-тарау. Демпингке қарсы істі қараудың аяқталуы

31-бап. Демпингке қарсы шаралар енгізу немесе демпингке қарсы істің қаралуын оларды енгізбей тоқтату туралы қорытынды

1. Демпингтің, материалдық залалдың және олардың арасында себеп-салдарлы байланыстың болуын анықтау жөнінде уәкілетті орган жүргізетін демпингке қарсы істі қарау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілетін:

1) демпингке қарсы істің қаралуын шаралар қолданбай тоқтату туралы;
2) экспорттаушының және (немесе) өндірушінің баға бойынша міндеттеме қабылдауы туралы;

3) демпингке қарсы баж енгізу туралы қорытынды әзірлеумен аяқталады.

2. Демпингке қарсы істі қарауды уәкілетті орган, егер:

1) демпингтің немесе материалдық залалдың немесе оның келтіру қаупінің жеткілікті дәлелдемелері болмаса;

2) демпингтік айырма экспорттық бағаның екі процентінен кем болса немесе демпингтік импорттың (нақты немесе ықтимал) көлемі не материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің мөлшері осы Заңның ережелеріне сәйкес болмашы болса, демпингке қарсы шаралар енгізбей тоқтатады.

3. Істің қаралуын демпингке қарсы шаралар енгізбей тоқтату туралы хабарлама ресми басылымдарда жарияланады.

4. Демпингке қарсы шаралар енгізу туралы хабарлама ресми басылымдарда жарияланады және ол осы Заңның құпия ақпаратқа қойылатын талаптарын ескере отырып, демпингке қарсы баждарды енгізу үшін фактілер мен құқықтық нормаларға қатысты істі қарауға жататын барлық ақпаратты, сондай-ақ демпингке қарсы істі қарау барысында өнім берушілер мен мүдделі тұлғалар табыс еткен жазбаша дәлелдемелер мен талаптарды қабылдау немесе қабылдамау себептерін қамтиды.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.09. N 114 Заңымен.

32-бап. Демпингке қарсы бажды енгізу мен оның мөлшерін анықтау

1. Демпингке қарсы бажды енгізу мен оның ставкасы туралы шешімді уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және осы Заңның 34-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ресми басылымдарда жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Шешімде демпингтік тауарды беруші немесе берушілер аталуға тиіс.

Егер демпингтік тауарды бір елдің бірнеше өнім берушілері импорттап, барлық өнім берушілерді атау мүмкін болмаған жағдайда, сол ел ғана аталады.

Егер демпингтік тауарды бір елден көбірек елдің бірнеше өнім берушілері

импорттаған болса, не іске тартылған барлық өнім берушілер аталады, не іс жүзінде бұл мүмкін болмаса, демпингтік тауарды импорттауға тартылған өнім беруші елдердің әрқайсысы аталады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің демпингке қарсы баж енгізу туралы шешімінің негізінде мемлекеттік кіріс органдары оны, баға бойынша міндеттемелер қабылданған өнім берушілердің тауарын қоспағанда, демпингке қарсы істі қарау жүргізілген барлық әкелінетін тауардан алады.

3. Демпингке қарсы баж демпингтің зардаптарын жоюға жеткілікті көлемде белгіленуге тиіс. Демпингке қарсы баждың мөлшері демпингтік айырмадан артық болмауға тиіс.

4. Уақытша шаралардың енгізілуіне байланысты төленген сома демпингтік айырмадан артық болған жағдайда өнім берушінің артық соманы заңдарда белгіленген тәртіппен қайтарып алуға құқығы бар.

5. Демпингке қарсы баж демпингке қарсы уақытша баждың ставкасынан артық мөлшерде енгізілген жағдайда өнім берушіден айырма алынбайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Үшінші тұлғалар жөніндегі демпингке қарсы істі қарау

1. Егер демпингке қарсы іс қаралып біткеннен кейін тауарына демпингке қарсы баж салынған басқа өнім берушілермен байланысы жоқ үшінші бір тұлға ұқсас тауар бере бастаса, онда ол жөніндегі демпингке қарсы істі қарау бір ай ішінде басталып, ол жөнінде арыз алынған күннен он екі айдан кешіктірмей аяқталуға тиіс.

2. Демпингке қарсы істі қарау барысында бұл үшінші тұлғадан демпингке қарсы баж алынбауға тиіс, алайда осы Заңда белгіленген тәртіппен демпингке қарсы уақытша шаралар енгізілуі мүмкін.

34-бап. Демпингке қарсы бажды қолдану тәртібі

1. Демпингке қарсы істің қаралуы басталған күнге дейін Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналысқа шығарылған тауарларға демпингке қарсы баж салуға болмайды.

2. Демпингке қарсы баж уақытша шаралар енгізіле қалған жағдайда олар енгізілген күннен бастап қолданылады.

35-бап. Демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімі

1. Демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімі Қазақстанның отандық өндірушілеріне келтірілген материалдық залалды жоюға немесе оның келтірілу

қаупіне жол бермеуге және отандық өндірушілердің бәсеке жағдайларына бейімделуіне қажетті мерзімнен аспауға тиіс. Аталған мерзім оның енгізілген немесе соңғы рет қайта қаралған күнінен бастап бес жылдан аспауға тиіс.

2. Демпингке қарсы бажды қайта қарауға дайындау рәсімін уәкілетті орган өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғалардың демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қырық бес күннен кешіктірмей берген арызы негізінде жүзеге асырады.

3. Демпингке қарсы баждың қолданылуы отандық өндірушілерге материалдық залал келтіруді немесе оның келтірілу қаупін жоюға жеткізбегені анықталған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын енгізілген демпингке қарсы баждың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш жасайды.

7-тарау. Баға бойынша міндеттемелер

36-бап. Баға бойынша міндеттемелер қабылдау талаптары

1. Демпингке қарсы істің қаралуына тартылған тұлғалар демпингтің зардаптарын жоюы мүмкін демпингке қарсы істі қарау жүргізіліп жатқан тауардың бағасын қайта қарау және Қазақстанға тауардың демпингтік бағамен әкелінуін тоқтату туралы ерікті түрде міндеттеме алғаннан кейін демпингке қарсы істің қаралуы уақытша шаралар енгізілмей немесе демпингке қарсы баж салынбай тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

2. Мұндай міндеттемелер бойынша бағаның белгіленген демпингтік айырмадан артық болуын талап етуге уәкілетті органның құқығы жоқ. Егер уәкілетті орган бағаны мұндай арттыру демпингтің отандық өндірушілерге келтірген зардаптарын жою үшін жеткілікті болатынын анықтаса, бағаның арттырылуы демпингтік айырмадан кем болуы мүмкін.

3. Баға бойынша міндеттемелерді уәкілетті органның ұсынуы мүмкін, бірақ өнім беруші өзіне осындай міндеттемелер алуға мәжбүр етілмеуге тиіс.

4. Баға бойынша міндеттемені уәкілетті орган осы Заңның 30-бабына сәйкес демпингтің және материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болуы жөнінде алдын ала растайтын қорытынды шығарылғаннан кейін ғана қабылдауы мүмкін.

5. Егер уәкілетті орган баға бойынша міндеттемені қабылдау өнім берушілер санының көп болуына байланысты не уәкілетті орган өнім берушіге хабарлауға тиісті жалпы саяси себептерді қоса алғанда, басқа себептер бойынша іс жүзіне асыру мүмкін емес деп санаса, ол міндеттемені қабылдауға болмайды.

37-бап. Баға бойынша міндеттемелердің қолданылуы

1. Өнім беруші баға бойынша қабылданған міндеттемелерді адал орындаған жағдайда уәкілетті органның істі қарауды тоқтатуға құқығы бар.

2. Бағалар бойынша міндеттемелер қабылданғаннан кейін уәкілетті орган баға бойынша өзіне міндеттеме қабылдаған өнім беруші талап еткен жағдайда немесе өз бастамасы бойынша демпингтің және материалдық залалдың немесе оның қаупінің болуын анықтау үшін демпингке қарсы істің қаралуын жалғастырады.

3. Демпингтің немесе материалдық залалдың болмауы баға бойынша қабылданған міндеттеменің салдарынан болатын жағдайларды қоспағанда, егер демпингтің немесе материалдық залалдың немесе оның қаупінің болмауы туралы шешім қабылданса, баға бойынша міндеттеме өзінен-өзі күшін жояды.

4. Баға бойынша міндеттеме демпингке материалдық залал келтіретін қарсы іс-қимыл үшін қажетті уақыт ішінде және сондай мөлшерде күшінде қалуға тиіс.

5. Баға бойынша міндеттеме қабылданғаннан кейін уәкілетті орган осы Заңның 26-бабының талаптарын сақтай отырып, ол жөнінде барлық мүдделі тұлғаларға хабарлама жібереді.

38-бап. Баға бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау

1. Уәкілетті органның баға бойынша міндеттемесі қабылданған өнім берушіден баға бойынша қабылданған міндеттеменің орындалуы туралы мәліметтер беруді талап етуге, сондай-ақ олардың анықтығына тексеру жүргізуге құқығы бар.

2. Өнім беруші баға бойынша қабылданған міндеттемелерді бұзған жағдайда уәкілетті органның ұсынуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің демпингке қарсы уақытша шараларды алдын ала хабарламай, дереу енгізуге құқығы бар.

8-тарау. Қорытынды ережелер

39-бап. Демпингке қарсы уақытша шаралардың күшін жоюдың талаптары мен тәртібі

1. Егер демпингке қарсы қолданылып жүрген уақытша шаралардың мөлшері демпингке қарсы салынатын баждан аз болса, айырмасы төленбеуге тиіс, егер көп болса, өнім берушінің қалауы бойынша айырма оған заңдарда белгіленген тәртіппен өтеледі.

2. Материалдық залал келу қаупі анықталған жағдайда демпингке қарсы баж материалдық залал қаупінің болуы туралы қорытынды шығарылған күннен бастап қана қолданылуы мүмкін және қолданылып жүрген уақытша шаралардың

күші жойылуға тиіс, ал уақытша шаралар қолданылған кезеңде енгізілген кез келген ақша депозиті қайтарылуға тиіс және өнім берушінің кез келген ақшалай міндеттемесінің күші жойылуға тиіс.

3. Егер демпингке қарсы істі қарау барысында демпингтің және материалдық залалдың немесе оны келтіру қаупінің болмауы анықталса, шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде барлық уақытша шаралардың күші жойылуға тиіс, ал өндіріліп алынған сомалар шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен қайтарылуға тиіс.

40-бап. Демпингке қарсы шаралардың күшін жою немесе оларды өзгерту

1. Бұрын демпингтік тауар деп танылған тауар оның қалыпты құнына жақын немесе тең бағамен берілетіні, бұл жағдайда демпингтің немесе материалдық залалдың жойылатыны немесе азаятыны жөнінде мәліметтер болған кезде уәкілетті орган өз бастамасы бойынша не мүдделі тұлғалардың бастамасы бойынша шаралар қолдануды жалғастырудың дұрыстығы мәселесін немесе оларды өзгерту мүмкіндігін кез келген уақытта қарай алады.

2. Демпингке қарсы қолданылып отырған шараларды сақтаудың дұрыс болмайтыны анықталған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне олардың күшін жою не олардың мөлшерін өзгерту туралы қаулының жобасын енгізеді.

41-бап. Шешімдерге шағым беру тәртібі

Мүдделі тұлғалар демпингке қарсы істің қаралуы кезеңінде уәкілетті орган қабылдаған шешімдер мен жасаған әрекеттерге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

42-бап. Демпингтік тауарды кедендік декларациялау мен есепке алу

Ескерту. 42-баптың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Демпингке қарсы істің қаралуын жүргізу демпингтік тауарды кедендік декларациялаудағы кедергілер үшін негіз болмайды.

2. Уәкілетті органның өтініші бойынша демпингтік тауар импорты бойынша талқылау басталғаннан кейін мемлекеттік кіріс органдары бұдан әрі осы импортқа демпингке қарсы шаралардың қолданылуы мүмкін болуы үшін демпингтік тауар импортын есепке алуды жүргізеді.

3. Мемлекеттік кіріс органдары оларға қатысты істі қарау жүргізіліп жатқан демпингтік тауар импорты туралы мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын

х а б а р л а п

о т ы р у ғ а

т и і с .

Ескерту. 42-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

43-бап. Демпингке қарсы шаралар жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Уәкілетті орган мен оның лауазымды адамдарының демпингке қарсы шаралар жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін жауаптылығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК